

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

Қ. Т. Жанұзақова, А. Дүйсенбек

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Б. МАЙЛИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Қазақ прозасының іргетасын қалаушы көркем сөз шеберлерінің бірі – Бейімбет Майлин. Әдебиеттің барлық: поэзия, проза, драматургия салаларында бірдей қажырлы да жемісті еңбек етіп, көркемдік жағынан құнды, көлемі жағынан мол, тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды. Мақалада Бейімбет Майлиннің прозалық туындыларындағы заман шындығы мен көркемдік шындықтың арақатынасы, поэтика мәселелері пайымдалады. Жазушы шығармаларының идеялық-композициялық желісіндегі ұлттық-этнографиялық сипат болмысы, көркемдік дәстүр жалғастығы мәселесі айқындалады. Сонымен қатар оның туындыларындағы өмір шындығының тарихи шындықпен бейнеленуі, тарихилықтың көркем шындыққа негіз болуының ерекшеліктері зерделенеді. Б. Майлин туындылары ХХ ғасыр басындағы әдеби процесс контекстінде қарастырылып, өз кезеңіндегі шығармашылықпен байланысы, сабақтастығы және сол арқылы оның өзіндік даралық сипаты зерделенеді. Б. Майлин прозасы қазақ ауылының бейнесін айқындауда жанрлық, көркемдік және тарихи-әдеби негізінің қуаттылығымен, сол арқылы өзінің даралық стилімен ерекшеленетіні туралы қорытынды жасалады. Қазақ әдебиетіне өзіндік ерекшелігімен келген жазушы Бейімбет Майлин прозасының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері сараланады.

Кілтті сөздер: проза, көркемдік шындық, жанр, ұлттық идея, характер.

Кіріспе

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде проза жанрының дамуына үлес қосып, өз туындыларына адам өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан кырларын негіз еткен жазушы Бейімбет Майлиннің мұрасы ХХІ ғасырда да әр сипатта зерттеліп, талдана береді. Әдебиет әлеміне өзгеше үнімен келген Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығы, проза саласындағы еңбектері, суреткер дарыны бізді қазақ прозасының қайнар көздеріне қайта-

қайта еріксіз мойын бұрғызады. Бұл орайда бізді қызықтыратын тек жеке фактілер емес. Жазушы туындыларында заман шындығын шынайы көркем бейнелеген идеялық мазмұны әрдайым оның көркемдік формасына сәйкес келіп, өз дәуірінің келелі мәселелерін ашық көтере білді. Сондықтан, социалистік реализм әдісі Бейімбет прозасында өз орнын нық ұстап, өзінің шынайы көркемдік қуатын көрсете білгенін мойындау керек, ол ұлттық сөз өнерінің дәстүрлерімен біте қайнасып кетті.

Репрессиялар мен Б. Майлиннің жазықсыз өлімінен кейін ешкім ештеңе айта алмады. Тек жазушы ақталып, елімен қайта қауышып, мұрасы халыққа қайтарылғаннан кейін, жан-жақты зерттеулер кеңінен жолға қойылды. 1957 жылдан бастап Бейімбет Майлин толық қалпына келтірілген кезде оның бай мұрасы мен кең ауқымды шығармашылық ізденістері қайта бағаланды. Қайта құру, жариялылық атты кезең басталғалы Б. Майлинді де қайта танып бағалау, жаңа көзқараспен зерделеу өрісі ашылғандықтан бұрын айта алмай жүрген ой-пікірді жаңғырту мүмкіндігі туды.

Сонымен, Б. Майлиннің прозасы зерттелгенімен, фельетондары, очерктері мен мақалалары жеке-жеке талданып, кең түрде зерттеу объектісіне айналған емес. Ал олардағы қазақ ауылының бейнесі көптеген шығармаларындағы кейіпкерлердің типтері, сюжеттік, композициялық ерекшеліктері, жалпы туындыларының тілдік өрнектері әлі де толық ашылмаған тың күйінде жатыр. Оған суреткер публицистикасының барлығы жан-жақты зерттеліп, толық шықпай жатуы не толық жинақтарына кірмеуі салқынын тигізбей қойған жоқ.

Зерттеудің нысаны: Бейімбет Майлин прозасындағы көркемдік шындық мәселесінің бейнелеуі

Зерттеудің пәні: жазушының прозалық туындылары

Мақсаты: Нағыз ұлттық туынды – тақырыбынан бастап, автордың алға қойған мақсат-мүддесі, көркемдік шешіміне дейін баратын, халықтық мәні бар мәселелерді көтеретін шығарма. Б. Майлиннің халық мүддесін өзек еткен туындылары («Қара шелек», «Күлпаш» т.б. әңгімелері) ХХ ғасырдың басындағы қазақтардың тыныс-тіршілігін, мінез қалыбын, ауыл адамдарының жаңа да күрделі өзгерістерді жатсынып, қабылдай алмай жатқан аңғал да аңқау психологиясын, тұрмыс-тіршілігін паш етеді. Ол халықтың даналығы мен бай тілін, халықтың ұғымды, жылы әзілі мен уытты мысқылын, халық характері мен рухын шеберлікпен көрсете білді. Оның шығармаларынан ғасыр басындағы алмағайып заманның тынысы, өтпелі дәуірдің сипаты және оны халықтың қабылдауы, дүниетанымы айқын аңғарылады.

Міндеттері:

– Б. Майлиннің шағын шығармаларындағы өмір шындығының көркемдік шындыққа ұласуын пайымдау;

- көркемдік деталь қызметін анықтау;
- шығармаларының көркемдік, тақырыптық ерекшеліктерін зерделеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Көркем шындық – өмір шындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық таразысынан өтіп, қорытылып, әдеби шығармада баяндалатын көркем суретке айналуы [1, 57]. Жазушының қиыннан қиыстыру, метафоралық толғанысы - көркем ойлаудан туындайды. Ал осының негізінде көркемдік идея жасалады. Бірнеше шығармалардың тақырыптары ұқсас болғанымен айтар ойының, идеясының бір-біріне ұқсамауы заңдылық. Мысалы, қазақ әйелінің тағдыры, әйел теңсіздігі тақырыбына М. Дулатов, Б. Майлин, Ж. Аймауытов, С. Көбеев, М. Жұмабаев, С. Мұқанов т.б. жазушылар қалам тартты [2]. XX ғасыр басындағы қазақ прозасының алғашқы үлгілерінде әйел тағдыры басты темірқазыққа айналғанымен, айтар ойының күрделілігімен, психологиялық шеберлігімен, әйел затының жан иірімдерін, зар-қайғысын тереңнен толғаған көркемдік идеясымен бір-бірінен ерекшеленеді.

Әрбір әдеби шығармада шешімін тапқан идеялық мазмұн суреткердің дүниені, әлемді тану ерекшелігіне, авторлық позициясына, саяси, әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік көзқарастарына тығыз байланысты. Өмір сүрген дәуірі, қоғамдық ортасы бір, әлеуметтік көзқарастары ортақ суреткерлер бір тақырыпқа қалам тартса да, идеялық жағынан бірін-бірі қайталамауы керек. Мысалы, XX ғасырдың басында әйел теңдігі туралы шығармалар көптеп жазылды [3]. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С. Көбеевтің «Қалың мал», Ш. Құдайбердиевтің «Әділ-Мария», Б. Майлиннің «Шұға», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» [4] т.б. шығармалардың барлығы қазақ қызының бас бостандығын, азаттығын, әйел тағдырын қозғайды.

XX ғасыр прозасында өзіндік қолтаңбасы айқын да қаламы дара Б. Майлиннің шағын шығармаларында көркемдік детальдар ойды ұтымды бейнелеуге қызмет етеді. Көркемдік детальдарды портреттік, заттық, пейзаждық, тілдік детальдар деп жіктеуге болады. Көркемдік детальдар шығармада түрлі қызмет атқарады. Деталь туындыдағы оқиға динамикасына ажар кіргізе отырып, характердің көркемдік сипатын белгілейді. Б. Майлиннің «Қара шелек» әңгімесіндегі заттық деталь – шелек Айшаның характерін ашуға септеседі. Қаламгер пайдаланған деталь образ характерінің жан дүниесін, нанымдылығын көрсетеді.

Деталь суреттеудегі эстетикалық әсерді, эмоциялық бояуды молайтады. Оның эстетикалық функциясы бүтін мен бөлшектің бөлінбес бірлігінде көрінеді. Әдеби туындыда көркемдік детальдың кейіпкер психологиясын, ішкі құпия сырларын танытудағы көркемдік ролі зор.

Бейімбет әңгімелерінде өз дәуірінің шындығы: байларды конфискулеу де («Сары ала тон») енбекшілерді артельге ұйыстырған коллективтендіру кезеңі

де («Көктеректің бауырында», «Қара шелек», «Қызыл әскердің семьясы») т.б. бірсыдырғы тәуір суреттелінеді [5]. Мұнда күнделікті өмір сәттерін қалт жібермейтін Бейімбет үйренгені көп, білгені, байқағаны мол жазушы екендігін танытады. Колхоздастыру дәуірін суреттеуде қазақ кеңес жазушыларының біразы Бейімбеттен үйренді. Оған Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің колхоздастыру тақырыбына жазған әңгіме, повестері дәлел бола алады.

Колхоз өмірінің қалыптасып, күнделік салтына ену процесін жазушы бір жүйе әңгімеде («Қара шелек», «Кеңес ағасы Камила» т.б.) суреттейді. Шындығын айту керек, Бейімбет өз заманын мақтанышпен суреттеді. Сөйте тұрып алмағайып тарихи кезеңдердің қайшылықтарын да жасырған жоқ. Қарапайым ауыл адамы мен беленділердің өзін састырған аыра сілтеу мен жаппай коллективтендіру тұсында болған бұрмалаушылықтарды сыншыл қаламымен өртеп отырды. «Дайрабайдың көк сиыры», «Қара шелек» деген әңгімелерінде Бейімбет сол асыра сілтеушілікті әзілмен әшкерелей келе, оны кездейсоқ қателік екенін айтып, жалпы шаруалар қауымын коллективтік негізден жиіркендірмейді.

Қарапайым адам психологиясы мен заман шындығының тегеуірінімен орнаған ортақ психология арасындағы қайшылықтарды шебер суреттейді. Шаруаның дүниеқорлығы көп заманнан бері біте қайнасқан қасиеттер. Сол себепті «Қара шелектегі» Айшаның сиырын көксеуі шаруа психологиясына тән құбылыс. Тіпті колхоз бастығы болып сайланғаннан кейін де Айшаның ұйқылы көзіне: – «Желіні салпылдаған ала сиыры елестеп кеткен тәріденді», – деп бітіреді Бейімбет әңгімесін [6, 67]. Тағы да М. Шолоховтың Майданниковы есіне еріксіз түседі.

Қазақ даласында жаппай коллективтендіру дәуірі тарихи оқиғаның бірі болды. Ол туралы қалам тербемеген жазушы кемде-кем. Бейімбеттің коллективтендіру тақырыбындағы туындыларын сол тұстағы халқымыздың бастан кешірген тарихы десе де болады [7]. Қазақ даласында ұжымдастыру науқаны оңай болған жоқ. Елде әртүрлі көзқарастар мен пікірлер бар адамдар көп болды. «Колхоз» деген сөзге тым-тырыс қарап, оның болашағына сенбегендер қарапайым бұқадан гөрі жалғыз бұзау болған дұрыс деп айтқан. Осы саяси науқанға аз уақыт бұрын тәркіленген байлар мен олардың серіктестері де зардап шекті. Олар колхоз туралы қауесеттер таратып, күмәнді халды күшейтті. Колхозшылар өздерінің малдарымен, мүліктерімен және тіпті әйелдерімен бөліседі деген сыбыстар болды. Ол кезде мұндай қауесеттер «қой аузынан шөп алмайтын» момын қазақ шаруаларының арасында кең таралды, олар таптық көзқарасты әлі толық түсінбеді, бір сөзбен айтқанда, осындай өрескел қателіктер жіберілді. Осындай қауесеттер халыққа әсер етпей қоймады. Сонымен қатар кімнің дос, кімнің қас екендігіне де көзі жетіп, өткен ісіне өкінішпен қарап, жаңалыққа жанталасып ұмтылды. Осы шындықтардың бәрі Бейімбет шығармашылығынан молынан көрінеді.

Ауылдағы сол кездегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени зор өзгерістерді байыпты суреттеуде қиыншылықтарын тым жеңілдетіп жібермей, табыстары мен жетістіктерін асыра мақтамай шынайы бейнеледі.

Ұлы суретшінің жауһарларының бірі – «Қара шелек». Бұл әңгімеде Бейімбет өзінің көркем әдебиет шебер екенін көрсетті [8]. Барлығы бірдей жіті бақылаушы емес. Байқағыштық Бейімбеттің ерекше қасиеттерінің бірі. Әңгіме барысында бұл бірден байқалады, тіпті үлкен дүниеден хабар беретін кішкене бөлшектер де үлкен әсер қалдырады. «Қара шелек» әңгімесінің басты кейіпкері – Айша. Ол күйеуі Бірмағамбетпен бірге ұзақ жылдар бойы кедей өмір сүріп келеді. Тек Кеңес өкіметі кезінде олар теңдікке қол жеткізді және бір-екі малы болды. Күйеуі оған қара шелек әкелгенде Айша қатты қуанды. Ол шелекті Айша Қожағұлдың әйеліне қалай бергенін де білмей қалады. Қара тоқалдың күйеуі де шелекті «бәрімізге ортақ мүлік» деп табалайды. Айша айтуға сөз таба алмай, қара шелектің майысқанын көргенде, қара тоқалды шелекпен ұрып жібереді. Айша да, оның күйеуі Бермағамбет те колхоз белсенділері. Шелек әкелінген күні колхоз ұйымдастырылып, Айша оның басшысы болып сайланды. Қазір оның көкейін қара шелек жеп жатыр. Сонымен қатар қара тоқалдың күйеуі Қожағұл да шелектің ортақ меншік екенін тілге тиек етеді. Бұл оқиғаның сюжеттік желісі. Бұл тұрғыдан алғанда, егер бұл ұсақ-түйек болса да, біз қара шелек туралы айтып отырмыз, бірақ жеке меншіктің психологиясы оның қабатында жатыр. Колхоздың басшысы болып сайлану үшін Айша көп ұзамай жеке меншік туралы ұмытып кетуі керек. Бірақ бұл шындықтан алшақ. Бейімбеттің шебер реализмі мен жоғары шеберлігін дұрыс таныған Мұқамеджан Қаратаев: «Бейімбеттің шебер реалистігінің өзі бұл жерде оның заман шындығын байланыссыз бос баяндаумен емес, яки долбар схемамен емес, суреткерлікпен шебер тоқып, бейнелеуінде; оның ұсақ тұрмыс деталін байсалды қоғамдық мазмұнмен орынды ұштастырып, саяси саналы шындалған Бірмағамбет пен жеке меншік психологиясынан бірден арыла қоймаған Айшаның образын (нанымды көрсетуінде), – деп жазды [9]. Шындығында, Айшаның образы барлық шындық бояумен бейнеленген. ...Қараңғы түнде, төсекте жатқан күйінде Айшаның көзіне желіні салпылдаған ала сиыр елестеп өткен тәрізденді. Жапырылған қара шелек елестеген сияқтанды», – деп түйіндеді Бейімбет. Колхоздың басшысы болып сайланғаннан кейін де Айшаның өз әлемі туралы ойлары ұзақ уақыт бойы шаруаның қарапайым ерлігі болды. Бұл әңгімеде заман шындығын жазушы құр айқайсыз, ақыл айтумен емес жеке көркемдік детальдар арқылы шебер түсіндіреді, бүгінде колхозды ұйымдастырып жатқан адамдардың алдында көптеген күрес пен қақтығыстар бар екенін ымдайды, әдемі суреттейді.

Пропадағы алғашқы туындылардың бірі – «Сексен сом». Мұнда жазушы Егеубай есімді кедей адамның күнделікті өмірін суреттей отырып, «менің елім, халқым» деп өтірік айтқан алаш үкіметінің жыртқыш саясатын ашады.

Жар дегенде жалғыз аты ғана бар Егеубайға «алашорда» ашылыпты, соның шығыны деп отбасына «сексен сом» беретін болдык» деген Тынымбайдың жайсыз хабары оңай соқпады. Ол бір ай бұрын «бұл большевиктік наразылық» деп 80 сом төлемегені үшін ұсталғанын еске түсіреді. Ал енді «сексен сомға» алаштың жігіттері Егеубайдың жалғыз көк жылқысын алуда.

Автор сонымен қатар елдегі ашаршылық туралы бірқатар туындылар жазады, олардың ішінде ең шынайы – «Күлпаш», «Аштық құрбаны», «Әже». Бұл үш әңгіме мәселені үш тұрғыдан қарастырады.

«Күлпаш» әңгімесі 1922 жылы жазылған. Жаман үйдің нашар көрінісі. Не тамақ, не киім жоқ. Алты айдан бері аштыққа ұшыраған адамдар. Күлпаш пен оның баласы Қали аштықтан ісініп жатыр, маған сеніңіз - қайыр сұрау үшін ел аралап шыққан Мақтым. Егер Мақты ерте тұрып, ел араласа, әйелі Күлпаш бірдеңе әкеліп алғандай өзін алдайды. Ауылдан сұраған Мақтым мойнына сөмкесін салып, кешке үйге қайтып келе алмады. «Қыржиып тырысқан қысқа тон қаудырлы қатқан жаман тымақ, аяғында қонышынан басылған жаман етік; мойнында дорбасы бар жағы суалып, көзі адырайып, адам бейнесі кеткен біреу есіктен кіреді. Бұл – Мақтым еді» [4], – деп суреттейді жазушы.

Өмірі үшін күресуден басқа амалы жоқ және аштықтан арылудың жолын таба алмайтын Күлпаш өзінің әпкесі Раушаннан ақыл сұрайды. Осы түріңмен аштан өлесің. Онан дай бай Жұмағазыға ти деген ақыл айтады ол. «Оған тисең өзің би,өзің хан боласың, 40–50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. Бұрынғы қатынынан бала қалған жоқ. Жасы биыл тап 40-ға.» Аштықтан шаршап келген Күлпаштың әпкесі әлсіздік пен ақылдылықты сезініп тұрғанын сезіп: Тамақты тізімдеп жатқанда, Күлпаштың аузы суарып, есінен танып қалды. – Ой, сен білесің ... Мен жындымын, – деді ол ақыры. Осылайша, аштық алдымен Күлпаштың денесін жеңіп, сүйектерін босатады, содан кейін ол ойын, ақылын, адами және аналық қасиеттерін жеңеді. Туғандары мен жақындарының өмірлерін аман сақтап қалу үшін ешқашан көрмеген немесе танымайтын Жұмағазы үйіне баруға мәжбүр болады Күлпаш. Жазушы Күлпаштың басына келген бұл қатты соққыларды қарапайым суреттермен шынайы көрсеткен. Оқырман Күлпаш жалғыз ұлын тастап кетеді деп сенеді, енді оның кетіп бара жатқанын, Жұмағазы әйел болған кездерді сипаттаудың қажеті де жоқ. Енді жазушы баласын сағынатын, күйеуі Мақтымды аяп, оларды өлімге жіберетін ананың аянышты жүзін суреттейді. Әңгімені тебіренбей оқу мүмкін емес, сіз басты кейіпкерді аясыз, жаныңыз ауырып күйзелесіз. «Әттең кедейлік, әттең аштық, қылдың – ау!...», – деп жазушымен бірге ренжисің. «Қысқаша әңгімеде жазушы отбасындағы қайғылы жағдайды шебер суреттеген. Әдебиетте әлі де жеріне жете ашыла қоймаған аштық тақырыбын, сол тұстағы нақты өмір шындығын дәл басып суреттеген.

Аштық туралы әңгімелердің бірі – «Аштық құрбаны». Тақырыбы

тұрғысынан бұл оқиға «Күлпаш» әңгімесімен байланысты, тек көркемдік шешімі ғана ерекшеленеді. Кедей адамның отбасы аштыққа ұшырайды, одан шығудың жолын табу қиын. Қайрақбайдың үйі күйзеліс үстінде. Отқа жағатын отыны, ішуге тамақ жоқ, үй азынап тұр. Қайрақбайдың әйелі Шырынкүл өлеусіреген отты жандырмақ болып жан-дәрмен болады, бірақ жанып жатқан мардымсыз қамыс шоғы сөніп барады. От сөнгенде, олар өмірлерінің жоғалып бара жатқанын сезеді. Қара судан басқа ішетін тамағы жоқ. Екі күн бойы нәр таппады. Ендігі күні не болмақ? «Жақ сүйегі сорайып, екі көзі аларып, еңсесі түсіп Қайрақбай отыр: Екі көзі жауаңдап, әкесінің шоқпыт күпісіне орана түсіп, сегіз – тоғыз жасар бала Таңсық жатыр. Бәрінен де қайғылы, бәрінен де жүдеу, біресе жылаған шешесіне, біресе еңсесі түскен әкесіне қарап жауаңдап Дәмеш отыр», [4] – деп жазушы Қайрақбайлар отбасының қиын кезеңдерін суреттейді. Дәмеш – он алты жасар қыз. Бұл адамдардың балалары ата-аналарын асырау үшін жалданады. Дәмеш неге ұл болып туылмағанына өкінеді. Аштықтан шаршап келген Қайрақбай отбасының жағдайын түсінеді, дауыстап жылайды. Қараңғылық әлемді тұншықтырып тұрған сияқты. Анасы аштықтан арылудың жалғыз жолы – Дәмешті күйеуге беру деп біледі. Дәмеш ата-анасы мен ағасы Таңсықты аштықтан құтқару үшін жанын беруге дайын. Алыстағы шал Тілеумағамбеттің оны сұрап жатқанын естігенде Дәмештің жүрегі соғып, бүкіл денесі дірілдеп кетті. Дәмеш аштықтан арылу үшін өзін құрбан етуді армандайды. Әрі қарайғы оқиға жалғасы Дәмештың Рахилаға хағында айтылады. Оған Дәмеш өзінің басынан өткен оқиғалары туралы айтып береді: Тілеумағамбет Шалдың үйінде бір күнді өткізіп жатқан кезде, оған бір «төре» келді, ол оған Дәмешті өзі және ата-анасы босатқанын және ол және «төреге» қайта қосылып, одан әрі бақытты өмір сүргенін айтты.

Бейімбеттің бұл әңгімесінің мәні оның уақыттың тынысын дәл беріп, оқиғаларды қаз-қалпында батыл суреттей білуінде.

Бейімбет Майлин қандай тақырыпқа жазбасын бәрінде де адам образын, заман шындығын бірінші кезекке қояды. Қайсы бір әңгіменің бір кейіпкері ұнамды іс-әрекетімен оқушысын сүйсіндірсе, екінші біреуі өзінің ұнамсыз қылықтарымен көрініп, бойына жиреніш сезімін еріксіз әкеледі. Ал, кейде тіпті қайшылығы мол, келешегін түсіну қиынға соғатын кейіпкерлермен кездесіп қаламыз. Қалай болғанда да Бейімбет өз әңгімелерінде ауыл адамдарының типтік образын жан-жақты жасауды мақсат еткен. Б. Майлиннің әр шығармасындағы диалогтық қолданыс ерекшелігі автордың өзіндік қолтаңбасын, суреткерлік шебер-лігінің қырларын танытып отырады. Оның «Мырқымбай» өлеңі түгелдей диалогқа құрылған. Мысалы:

Бара алмаймын,
Оған пенде бола алмаймын.
Тентіретіп жіберсең де,

Бұл тіліңді ала алмаймын!..
Мырқымбай, Мырқымбай, Мырқымбай!
Бай, бай, бай, ит-ай,
Күйдіріп-ақ болдың-ау!
Әй, құдай-ай!..

Мұндағы диалог әке мен баланың мінезін, олардың ара-сындағы қарама-қайшылықты терең ашып берген. Ал өлеңнің интонациясы осы диалогқа қосымша сипат үстеп, көркемдік құн-дылығын аша түскен.

Көркем шығармадағы жинақтау типке, даралау мінездеуге әкеледі. Адамға тән мінез-құлықты жинақтап, ерекшелендіру, даралау арқылы типтік қаһарман, шынайы бейне жасалады. Шындық әрекеттерді жинақтау арқылы жазушы шығармаға арқау болар болашақ бейненің жалпы бітімін қалыптастырады. Суреткер адам образ жасау мақсатында суреттелетін кезең кеңіс-тігінен қажетті материалдарды жинақтайды. Жинақтау дегеніміз – типтендіру, яғни өмірдегі мың адамның мінез-құлқын қамтып, бір адамның бойына сыйдыру. Тип – әбден жинақталған, өзі сияқтылардың бәріне ұқсайтын жалпы бейне, әрі әбден даралан-ған, өзінен басқа ешкімге ұқсамайтын жалпы бейне. Образ типтік дәрежеге көтерілу үшін ақиқат шеңберінде суреттелуі қажет. Типтік бейненің классикалық үлгілеріне М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың, Абайдың бейнелері жағқызылып жүр. Б. Майлиннің әңгіме-повестерінде де кеңестік өзгерістерді қабылдай алмай жатқан аңғал да аңқау ауыл адамының типтік бейнелерінің галереясы шебер сомдалған дей аламыз.

Эпикалық образдар адам образын мейлінше жан-жақты сомдап, әр қырынан түрлі көркемдік тәсілдер арқылы ашып көрсетеді. Б. Майлин шығармаларындағы бір образ, бір мінез екіншісіне ұқсамайды және ол сонысымен бағалы. Бір мінез бір мінездің иін қандырып, оны аша түседі. Ауыл адамдарының жаңа тұрмыс құруға бет бұруы, бірақ елге енген өзгерістерді оғаш көріп, қабылдай алмауы езу тартқызады.

Жазушы туындыларында басым кездесетін юморлық образдарда адам характерін бейнелеуде жылы күлкі, жеңіл әзіл, шын күлкі қолданылса, сатиралық образдарда сын күлкі, мысқыл, ажуа, келемеж басым. Сатиралық образды жасайтын күлкі юморға қарағанда зілдірек, мәндірек, қайырымсыздау. Адамның жағымсыз, келеңсіз мінез-құлықтары аяусыз сыналады. Юморлық образдар күлкі арқылы қоғам өмірінің әр қырларын сипаттайды.

Қазақ әдебиетінде Б. Майлиннің кейіпкерлері юморлық сипатымен ерекшеленеді. Б. Майлин кеңестік дәуірдің құрылуын ауыл қазақтарының қалай қабылдағанын юмор арқылы терең суреттеп, кейіпкер психологиясын жан-жақты ашып көрсетеді. Юмор кейіпкердің характерін ашу, даралау мақсатында да қолданылады. Бұл жағдайда күлкі шығармаға эмоциялық

эр, жайдары, жылы өң береді. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесіндегі таза, табиғи бала мінезін беруде негізгі тәсіл ретінде юмор қолданылған. Баланың мінезінде жасандылық, қоспа байқалмайды, барлық іс-әрекетіне еріксіз езу тартасыз.

Қазақ әдебиетінде комедия жанры ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары пайда болды. Қазақ театры қалыптасуының алғашқы жылдарында Б. Майлиннің шағын комедиялары пайда болды («Шаншар молда», «Айша», «Неке қияр», «Көзілдірік» т.б.). Ол – комедия жанрының негізін салушылардың бірі.

Бейімбет әңгімелерінде елімізде болып жатқан күрделі оқиғалардың бәрі дерлік сөз болып, суреткердің қаламына ілігіп отырды. Бейімбеттің бұл қасиетін заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды болып шығады және бұл шығармалардың түр үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары төңкерілістің ең алғашқы жылдарынан бастап отызыншы жылдардың ортасына дейін кеңес дәуірінде, қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады», – деп әділ бағалаған.

Бейімбеттің – жазу стилі мен шеберлігі бөлек, өзгеге ұқсамайтын публицист қаламы жүрдек журналист. Оның публицистикасында өзіне тән шеберлігінің қыры мен сыры айрықша ерекшеленеді [10].

Реалистік өмірде болған, көзімен көрген жайлардан, құбылыстардан, оқиғалардан әсер алып жазатындығы, көркем туындыларына, публицистикаларына нақты, бар адамдардың қоғамдық мәні бар - әрекеттерін арқау етіп, пафосты астар, көркемдік әр беретіндігі. Бейімбеттің көркем туындылары да, газеттік публицистикалары да тек өмірдің бейнелі көркімен мағыналы мазмұны десе болғандай. 20–30 жылдары күрделі оқиғаларға Бейімбет Майлин өмірден өрілген пафосты публицистикасымен, журналистик жалынды үнімен араласты. Әсіресе, очерктерінде, проблемалық мақалаларында, хат-хабарларында нағыз өмір бар, өзінің көріп, көңіліне түйгендері айшықты ренде қағазға түсірілген.

Қорытынды

Б. Майлин шығармашылығының бір ерекшелігі – ондағы реализмнің күштілігі, шындық көріністердің басымдылығы. Б. Майлин асқақтаған романтизмге де, қияли фантазияға да әуес емес, ол көбінесе өзіне жете таныс өмірде болған, көріп білген, өзі түйсініп-түсінген оқиғалар жайында жазды. Әрине, бұдан Б. Майлин өмірде көріп білгендерін қаз қалпында көшіре салады екен деген ой тумаса керек, өйткені егер олай болса, көркемдік құндылығы шамалы болған болар еді. Өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда Б. Майлин өмірде болатын саналуан оқиғаларды жазушылық талғамынан сұрыптап өткізеді де үлкен топшылауға, көркемдеп суреттеуге

нақты детальдармен, штрихтармен дәлелдеу арқылы барады.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Бейімбет Майлиннің басқалардан айырмашылығының өзі де – оның әдебиетіміздің негізгі үш жанрында (поэзия, проза, драматургия) бірдей мол еңбек етіп, аз жыл шығармашылық өмірінде көптеген құнды шығармаларын қалдырғандығында. Б. Майлин өмір шындығын күрескерлік даму үстінде алып, ақиқат жанды суреттер жасап, айқын да көркем образдар тудырды сөйтіп өмірдің терең сырын танытты.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Асылбекұлы, С.** Қазақ повесі (Генезисі, эволюциясы, поэтикасы). – Алматы, 2009. – 255 б.
- 2 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы, 2002.
- 3 **Кенжебаев, Б.** Әдебиет белестері. – Алматы : Жазушы, 1986. – 396 б.
- 4 **XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия.** – Алматы : Білім, 1994. – 352 б.
- 5 **Қазақ әдебиетінің тарихы, 7 т.** – Алматы : Қазақпарат, 2004. – 462 б.
- 6 **Майлин, Б.** Бес томдық шығармалар жинағы, 1 т. – Алматы : Жазушы, 1987. – 336 б.
- 7 **Би аға.** – Алматы : Жазушы, 1991. – 304 б.
- 8 **Майлин, Б.** Бес томдық шығармалар жинағы, 3 т. – Алматы : Жазушы, 1987. – 336 б.
- 9 **Қарагаев, М., Нұртазин, Т., Қирабаев, С.** Қазақ Совет әдебиеті. – Алматы : Мектеп, 1971.
- 10 **Жақып, Б.** Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы : Білім, 2004. – 368 б.

References

- 1 **Asylbekuly, S.** Kazakh povesi (Genesis, evolutions, poetics). [Asylbekovich, S. Kazakh story (Genesis, evolution, poetics)]. – Almaty, 2009. – 255 p.
- 2 **Gabdolov, Z.** Soz Oneri. [Kabdolov, Z. Word art] – Almaty, 2002.
- 3 **Kenzhebaev, B.** Adebiet belesteri. [Kenzhebayev, B. Aspects of literature] – Almaty : Writer, 1986. – 396 p.
- 4 **XX kasyr basyndagy әdebiet. Hrestomatia** [Literature of the early twentieth century. Reader] – Almaty : Bilim, 1994. – 352 p.
- 5 **Kazak Adebietinin Tarihy, 7 t.** [History of Kazakh literature, 7 vols.] – Almaty : Kazinform, 2004. – 462 p.
- 6 **Mailin, B.** Bes tomdyk shygarmalar zhinagy, 3v. [Mailin, B. Collection of

works in five volumes, 1 vols.]. – Almaty : Writer, 1987. – 336 p.

7 Bi aga. [Bi brother]. – Almaty : Writer, 1991. – 304 p.

8 **Mailin, B.** Bes tomдық shygarmalar zhinagy, 3v. [Mailin, B. Collection of works in five volumes, 3 vols.]. – Almaty : Writer, 1987. – 336 p.

9 **Karataev, M., Nurtazin, T., Kirabaev, S.** Kazakh Council of Adebiet. [Karataev, M., Nurtazin, T., Kirabaev, S. Kazakh Soviet literature]. – Almaty : School, 1971.

10 **Zhagyp, B.** Kazak publicistikasynyn kalypyasu, damy zholdary. [Zhagyp, B. Ways of formation and development of Kazakh journalism. – Almaty : Education, 2004. – 368 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

К. Т. Жанузакова, А. Дүйсенбек

Художественная правда в прозе Б. Майлина

Казахский государственный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

К. Т. Zhanuzakova, A. Duysenbek

Artistic truth in B. Mailin's prose

Kazakh State Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 10.12.20.

Беймбет Майлин – один из основоположников казахской литературы. Он много и плодотворно работал в области литературы, поэзии, прозы, драмы и оставил художественно ценное, масштабное, образовательное наследие. В статье рассматривается соотношение современной и художественной реальности в прозе Беймбета Майлина, проблемы поэтики. Определяется характер национально-этнографического характера в идейно-композиционной канве произведений писателя, вопросы преемственности художественных традиций. Кроме того, изучается отражение в его произведениях жизненной реальности с исторической действительностью, исследуются особенности исторической основы художественной реальности. Произведения Б. Майлина рассматриваются в контексте литературного процесса начала XX века, его связи с творчеством своего времени, его преемственности, а значит, и индивидуальности. Определяя образ казахского аула, проза Б. Майлина отличается силой

жанровой, художественной и историко-литературной основы, а значит, и индивидуальным стилем. Анализируются тематические и художественные особенности прозы писателя Беймбета Майлина, пришедшего в казахскую литературу со своими особенностями.

Ключевые слова: проза, художественная правда, жанр, национальная идея, характер.

Beimbet Mailin is one of the founders of Kazakh literature. He worked a lot and fruitfully in the field of literature, poetry, prose, drama and left an artistically valuable, large-scale, educational legacy. The article examines the relationship between contemporary and artistic reality in the prose of Beimbet Mailin, the problem of poetics. The author defines the nature of the national-ethnographic character in the ideological-compositional network of the writer's works, the issues of the continuity of artistic traditions. In addition, the reflection in his works of life reality with historical reality is studied, the features of the historical basis of artistic reality are investigated. The works of B. Mailin are considered in the context of the literary process of the beginning of the twentieth century, its connection with the work of its time, its continuity, and hence individuality. Defining the image of the Kazakh village, the prose of B. Mailin is distinguished by the strength of the genre, artistic and historical-literary basis, and therefore by the individual style. The thematic and artistic features of the prose of the writer Beimbet Mailin, who came to Kazakh literature with their own characteristics, are analyzed.

Keywords: prose, artistic truth, genre, national idea, character.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz